



*Түркістан облысы
Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Қазына» бөбекжайы*

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»

Тәрбиеші: Кулбаева Д

2021-2022

Жасыл шырша жанында



Музыка залы Жаңа жыл мерекесіне орай безендірілген.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар мен балалар сіздерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Бүгін келді жаңарып,
Ортаңғы топ тағы да,
Би билейді, ән салып,
Жасыл шырша жанында.

Балалар Жаңа жылды қарсы алуға бәрің дайынсыңдарма? Олай болса бүгінгі Жаңа жыл мерекесіне арналған тақпақтарымыздан шашу шашайық.

Кезек тақпақтарға.

Альзана: Аяз ата келді,
Бізге сәлем берді
Тақпақ айтқан балаға
Сыйлықтарын берді.

Анвар: Сақала аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей
Қызыл алма шапаны
Сағындым Аяз атаны.

Жүргізуші: Балалар Аяз атаны сағындыңдарма?

Балалар: Иә.

Жүргізуші: Олай болса Аяз атамизды ортамызға шақырайық.

Балалар: Аяз ата! Аяз ата! Ақшақар! Ақшақар!
Залға әуенмен Аяз атамен Ақшақар кіреді.

Аяз ата: Жаңа жылдарыңмен!
Жаңа жылдарыңмен!
Балаларым, балғындарым!
Құтты болсын Жаңа жылдарың



Балалар: Сәлеметсіздер ме Аяз ата, Ақша қар?

Ақшақар: Сәлеметсіңдерме менің балғын достарым! Бізге әзірлеген өнерлерің болса, әсем ән айтып, таңдайларыңды тақылдатып тақпақ айтып беріңдер. Аяз атаның дорбасында барлығыңа жететін сыйлық бар. Ой, шыришларың қандай әдемі керемет! Шыришаны айналып, бір ән айтсақ қайтеді.

Ән: Шыриша

Шыришаның артынан қоян секіріп шығады.

Қоян: Алақай менің достарым келе жатыр, әне қараңдар. Аю кіреді.

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме ормандағы достарым!

Қоян: Амансың ба аю паң!

Аю: Алып батыр балпақпын,

Ақ ниетті дарханмын.

(Аю мен қоян қол ұстасып тұрады). Сол кезде қуана қутыңдап қу түлкі кіреді.

Түлкі: Қоян жаңға бір сәлем! Аю жанға бір сәлем!

Аю, қоян: Рақмет түлкі жан, жүрген жерің күлкі, ән!

Қасқыр: Аю сені қолдаймын.

Арам ниет болмаймын.

Аңдар қосылып: Жаңа жыл құтты болсын!

Достығымыз мықты болсын!

Аяз ата: Жарайсыңдар аңдар. Достықтарың мықты болсын.

Мерекелерің құтты болсын. Олай болса балаларымызға көзек берейік.

Біздің балаларымыз өнерлі. Өнерлерін тамашалаңдар.

Түлкі: Біздің де өнерлеріміз көп. Ән айтып, би де билеп аламыз.



Би: Аңдар биі.

Жүргізуші: Балалар әсем шыршамызға арнап тақпақтар айтайық.

Аяулым: Жаңа жылда жаңаша

Тақпақ айтамыз

Болсын риза балаша

Аппақ атамыз

Тамирис: Аяз ата жол салып

Ақ боран мен алысқан

Балалаларға базарлық

Алып келді алыстан

Жүргізуші: Кезек бүлдіршіндеріміздің Ақшақарларбиін тамашалаңыздар

Би: Ақшақарлар.

Жүргізуші: Ескі жылға ризамыз

Өсе түсті бойымыз

Қандық талай сырға біз

Шарықтады ойымыз.

Балалар бәріміз Жаңа жылға арнап ән айтайық.

Ән: Жаңа жыл.

Салиха: Жаңадан тақпақ

Айтамыз жаттап

Жаңа жыл келді

Жаңа жыл аппақ.

Жаннұрым: Далада қар борады

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады қатады.

Жып-жылтыр боп жатады.



Ойын: Ақшақар балалармен амандасады.

«Кім көп қар түйіршігін жинайды?»

Жүргізуші: Қазір ортамызға сән үлгісін көрсетуші қыздар тобын шақырайық.

(қыздар жаңа жылға арналған сән үлгісін көрсетеді)

Жүргізуші: Жаңа жыл қош келдің! Әр жыл сайын осылай балалардың керемет күлкісімен қарсы алайық. Аяз ата балалардың барлығы сізге өнерін көрсетті енді сыйлық күтіп отыр.

Аяз ата: Мен сендермен қызықты ойын ойнадым, әуелетіп ән айттым, енді би билегім келіп тұр. Олай болса Сантаклаус биін билеуге шақырамын.

Би: Сантаклаус.

Аяз ата: Ал балаларым менің сендермен қоштасатын уақытым да таяп қалды. Сендер сияқты балабақша бүлдіршіндері мені асыға күтіп отыр. Менің дайындап келген сыйлықтарымды қабыл алыңдар. Орман аңдары Ақшақарға көмек беріп жіберіңдер (сыйлық тарату). Келесі кездескенше қош сау болыңдар. Амандықпен кездесейік!

Балалар: Қош сау болыңыздар Аяз ата мен Ақшақар! Аяз ата мен Ақшақар залдан шығып кетеді.



